

«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»

*Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын
бір шарт - жас күнде көрген өнеге.
Жүсіпбек Аймауытов*

Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметінің мақсаты - балаланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

- Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру.

- еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне - өзі қызмет етуге үйрету.

- Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым - қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету.

Ата - аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс .

Бала бақыты білімде. Білім бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не жасаса да келістіріп жасайды », - дейді А. Байтұрсынов.

Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұс таздар мен ата аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта т үсуде. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым ролін мой ындай отырып бірлесе жұмыс жасау керек. Әрбір ұстаз ата - аналармен қарым - қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата - ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді. Ата - аналармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты:

Ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту;

Баланың бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға қалыптасуына үлкен әс ер ететінін атап өту;

Ата аналармен жұмыс жасаған кезде бірізділік қағидасын басшылыққа алу;

Ал міндеттері:

Бала өміріне қолдау жасау, келешекте өз жемісін береді.

Қоғам тарапынан көрсетілген қолдау, атаананың өміріндегі тұрақтылық пен болашаққа деген сенімін нығайтады.

Қазіргі уақытта жұртшылықтың балаларды тәрбиелеуге қатысы кеңейе түсіп, тәрбие жұмысы еңбе ұжымының күнделікті ісіне айналуға тәрбиешілердің практикасында ата аналармен және көпшілікпен бірігіп жұмыс істеудің әртүрлі формалары қалыптасып, жемісті түрде қолданылуда. Олар ата - аналармен жекелеп және ұжымдық жұмыстар жүргізді. Ата - аналармен жүргізілетін жұмыс түрлерін қалай ұйымдастыруға болады ?

Ол үшін біз ата - аналармен жақынырақ танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі ролін анықтау үшін, ата - аналардың ұсыныс - пікірлерін, ойын бөлісу мақсатында сауалнамалар, анкеталық сұрақтар алуымызға болады. Сонымен бірге жыл бойғы жүргізілетін жұмыс түрлерін ата аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата - аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар ата - аналардың ұсыныс - пікірлермен санаса отырып ата - отбасы мен балабақша арасындағы байланысты күшейтіп, бағытты жұмыс жүргізу, ұйымдастырылатын мерекелік іс - шараларға, ата - аналар және топ жиналыстарына ата - аналарды тартудың қажеттілігі: